



Жаңаш Нұрмахан

Жылойдан  
ұшып  
самғаған...

Алматы 1997

**Жаңаш Нұрмахан**

**ЖЫЛОЙДАН ҰШЫП САМҒАҒАН...**



**«БИКО» баспа үйі  
Алматы 1997**

**ББК 84 Қаз7-4  
Н86**

**Жаңаш Нұрмахан.**

**Н86 Жылойдан ұшып самғаган... : (Белгілі қоғам қайраткері С. Мұқашев жайлі естелік-очерк). - Алматы: «БИКО» баспа үйі, 1997. — 64 бет.**

**ISBN 9965-420-01-7.**

Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі жылойлық Жаңаш Нұрмахан өзінің бұл кітабында еліміздің белгілі қоғам қайраткері Саламат Мұқашевтың өмір жолы, ел басқарудағы қылыштардың қызыметі жайында сыр шертеді. Автор өз кейіпкерінің кейінгі үрпаққа үлгі боларлықтай адамгершілік, ізгілік қасиеттерін, кісілік келбетін нақты деректермен дәлелдеп жан-жақты өнгімелейді.

**Н 4702250201-02  
00(05)97**

**ISBN 9965-420-01-7**

**ББК 84 Қаз7-4**

**© Нұрмахан Ж.,  
1997**

Атыраудағы Жылой ауданының өкімшілігімен мәс-лихаты өзіміздің төл түлегіміз Сәкеңе — Саламат Мұқашевқа «ауданның құрметті азаматы» атағын беріпті дегенді естігенде қатты қуандым. Өйткені бұл — аудан елінің көптен көкейінде жүрген ойы еді.

Саламаттың біздің ауданды тоғыз жыл басқарғаны өз алдына, ол зейнеткерлікке шыққаннан кейін де өзінің мақалаларында, естелік-кітаптарында Жылойдың жері мен сүйін, елі мен халқын мақтан етіп шындықты жария етіп жазып жүр. Бір сөз ұйықтап жатқан мың сөзді оятады деген бар. Ел сыйлаған адамды әрқашан да жақсы көресің. Бәрінен бұрын туған елді оның азаматын көпке мәшһүр еткен ер жігітті айтсайшы!

Туған жер, еш нәрсе жоқ сенен ыстық,  
Өйткені сенде туып, сенен ұштық, —

деп ақын жырлағандай, туған өлкесін мадақтаған азаттың бағасы бұрынғыдан да арта түспек. Туған же-рін, өскен өлкесін жырлау ежелден келе жатқан дәстүр. Мысалға Гейне өзі туған Рейн өзенін жыр етсе, Шев-ченко Днепрін, Некрасов Еділін, Әбділдә Сырдариясын өлеңге қосады. Мениң де өзімнің туып өскен, жағасын-да асыр салып ойнаған, жаз бойы сүйіна шомылып өскен Жем дейтін өзенім бар. Жемді мен тумастан бұрын да талай ғұламалар өлеңге қосқан.

Дала философы, ұлы Асан Қайғы жырау бұдан бес ғасыр бұрын:

... Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған.  
Оймауыттай тоғай егіннің  
Ойына келген асын жейтуғын  
Жемде кеңес қылмадық,  
Жемнен де елді көшірдің,—

деп қазақтың ханы Әз Жәнібекке наз жатқан.

Азау (Дон бойы) қаласында 15-ғасырда туған До-спамбет жырау:

Анау көлденең жатқан Жем еді,  
Жетімдерді жебеді.  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған.  
Қайырлы қоныс жер еді...— деп жырлаған.

Жем өзенін күні кешегі Жамбыл Жабаев бабамызды өз өлеңіне қосты.

Ембінефть, Бакуде іс,  
Мұнай емей немене!  
Оны аударған еңбек күш  
Құдай емей немене! — дейді.

Ал арқалы ақын Тайыр Жароков:

Қарағанды, Қарсақпай,  
Ембі менен Балқаштай —  
Кеннің өлденешеуін  
Тағы тауып беремін, —

деп жырлайды.

Не десе де әркімге өзінің туған жері, ескен елі қымбат. Тіпті жануар екеш, жануарға да үйренген, мекен-деген жері ыстық.

Саламатты айтсақ, Кең Жылойдың жаны жомарт, жайсаң адамдары, жер-сұры, өзен-көлі, аспандаған мұнай мұнаралары еске түседі. Өйткені оның өмірі сол мұнайлы өлкемен тамырлас, сол жермен қылыш-қылыш сабақтас болып келеді.

Жылой — қатыгез өлке. Ауа райы сұрапыл қатал. Жерінің сұынан шөлі көп, көлінен соры көп. Бұдан бірнеше ғасыр бұрын Жем бойын алып жатқан қалың орманнан

бір тал қалмаған. Жыңғылды тоғай, Ақкізтоғай, Құмтоғай, Шоқпартоғай... деген жерлерде үй орнындағ  
көгалдар ғана қалды. Пәленкөл, түгенкөл дегендер тақ-  
ырға айналған. Аудан жерінде Қоскөл, Қызылкөл, Қа-  
ракөл, Қоңыркөл, Ақкөлдер болған. Кісі атымен атала-  
тын көлдер, Қарасулар, Қелқұдықтар, Қызылқұдықтар,  
Көкарна, Қараарналар қаншама болған. Жылой жерінің  
кең екені де рас: оған екі Израиль мемлекеті сыйды.  
Бірақ Кең Жылой атағының ауданымызға жерінің аума-  
ғына қарап емес, адамдарының жан дүниесінің байлы-  
ғына, қеудесінің кеңдігіне, кіслік парасатының молды-  
ғына байланысты берілгені анық. Ауданнан біржола ке-  
тіп бара жатқандардың — «Қош бол Кең Жылой» деп  
қимай қоштасқанының талай-талай қуәгері болдық.  
Аудандық газеттің атын «Кең Жылой» деп атап да па-  
расаттылықтан шыққан. Оның жері, табиғат байлығы, та-  
рихы, адамдары жөнінде жазылған ғылыми, көсемсөз,  
тарихи көркем шығармаларды аз деуге болмайды.  
Аудан жері туралы В. И. Даль, Г. С. Карелин, И. М. Губ-  
кин, Т. Шәуkenбаев, Ф. В. Гладков, К. Г. Паустовский,  
тағы басқа белгілі ғалымдар мен жазушылар кітаптар  
жазды. Олардың ішінде тікелей осы өнірге байланыс-  
ты жазылған “Атырау мұнайлы өлкө” (Б. Қуандықов),  
“Мұнайлы Ембі” (К.Дәuletov), “Өмір мұраты” (С.Өте-  
баев), “Ақ бесігім — Кең Жылой” (Л. Сисекенұлы) секіл-  
ді кітаптарды айрықша атағым келеді.

Сонғы кезде менің қолыма Алматыдан шыққан  
«Атырау ардагерлері», «Өткенді оймен шолғанда» атты  
екі кітапша түсті, көлемі мол да еңбек емес. Сөйті  
тұра шағын қос дүниелік жақсылыққа бастайды екен.  
Кітаптың тұла бойы толып тұрған парасат. Екеуін қос-  
қанда он баспа табақтай бүл туынды мені осы кіта-  
бымды жазуға жетеледі. Бұған негізінен туған ауданы-

мыздың өміріне тікелей қатысты адамдардың есімдері енгені себеп болғанын жасырмаймын.

Кітапшалардағы жиырма шақты шағын очерк-естелік он алты адамға, екі көсіпорынға, көсіп иелерінің төрт тобына арналыпты. Бұл кісілер автордың баяндауынша — жал қыңыры жоқ қасиетті жандар. Айтса айтқандай...

Очерк кейіпкерлері — «жадына өшпестей болып жазылған ардагер адамдар», «аттарын алтындаған Құрмет тақтасына жазып қойса да» артық емес, «Атырау облысында жұмыс істегені үшін» орденге лайық.

Бетеге кетсе — бел қалатынын,

Бектер кетсе — ел қалатынын.

Береке кетсе — не қалатынын,

бірлігі жоқ елдің жігіттері түйені бөліп айдайтынын біледі автор. Біз сөз етіп отырған осы екі кітапты жазған — өзіміздің Саламат Мұқашев. Екеуде арасына екі жыл салып “Өлкө” баспасынан жарық көрген.

Саламат Мұқашевтың кейіпкерлерінде талантты тауып көтеруге тырысатындар, адамның тәуір қасиеттерін тере білетіндер, пайдалы бастама иелері, қын емтиханнан өтіп шыққандар сараланады. Бір басшы өзі басқарған аймақта ағаш егуді уағыздаса енді бірі адамды партиядан шығармауға бағыт ұстаған.

Мен Саламат Мұқашевты қырық жылдан бері білемін. Оның:

Жаман адам жақсы болмас,

Қыдыр келіп дарыса да.

Жақсы адам жаман болмас,

Жағы түсіп қарысса да.

Нағыз тұлпар шаптай қалмас,

Жалы кетіп арыса да —

деген қағиданы жақсы түсінетін ақылды адам екенін білемін. «Жігіттің жолбарысының жол торымайтынына» да автордың миы жетеді. «Екі жылда бір боталап, түйенікі не талтаң» дегенді де ол жақсы ұгады. Сондай-ақ «Жұт жеті ағайынды, айыр ағашпен сегіз ағайынды, жаман күйеумен тоғыз ағайынды» екенін де біледі. Мүмкін, бір жақсының көңіліне қарайлап, көп жаманды... сөге алмайтыны бар шығар. Рухани кедейлердің өуел бастан қарау жаратылатынын, дүниекорлардың құсалы келетінін де аңғарады. Әрине, шоландағы еттің бәрі қазы емес, Меккедегілердің бәрі қажы емес екенін де ол біледі. Оның қатардағы кейіпкерінің бірі — жұмысшы — шағын отбасына не жетпейді деп еңбекақысының жартысын ай сайын қорғаныс қорына аударып отырады екен. Сол кейіннен Ленин орденіне ие болған Шайхы Дәүлетов деген азамат. Автор бір қарт ұстазының есімі мәңгілікке қалды деп қуанады. Ол — астанада қайтыс болған Ленин орденді мұғалім Хамза Санбаев. Тек осыларға қатысты ма өлде басқаларға да қатысы бар ма кітаптардан тұлпардай суырылып, өзгеден үздік шыққан Ер пішінділерді көріп қуанасың. Ішімді айрықша жылытатын жәйт — жеке адамға арналған он жеті очерктің төртеуі туған ауданының адамдарына бағышталған, бесіншісі — біздің ауданда туып, есейген өмірін түгел Маңғыстау да өткізген ардагер Қағазов. Бір-бірімен үйде де, кеңседе де, көшеде де “Ассалаумагәлейкум, Қалиев! Неғып отырсың далиып?”, ия “Ассалаумагәлейкум, Шегіреев! Неғып жүрсің едірейіп?” деп амандаласатын сарбаздар.

Кітаптағы халық геологі Бешім ақсақалға қандай құрмет көрсетсе де орынды болар еді. Оның еңбегі көпке жан-жақты мәлім емес. Өлке жете зерттелмей жатқан заманда ел үшін, Отан үшін үлкен үлес қосқан ата, тек

Қосшағылды ғана емес, Бекең Төлесте де, Қызылқұдықта да, Пішентөбеде де азды-көпті мұнай бар екенін дәлелдеген. Ескерткіш орнатуға лайық жан Бекең Отан тарихынан үлкен орын алуы тиіс.

Мемлекет жөне қоғам қайраткері Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов ше? Облысымызда бірінші басшы болды. Біздің ауданда тұмаса да Нұртас демалысқа шыққаннан кейін де ауданымызға сөлем беру үшін арнайы келіп кетіп жүрді. Нұртас ағамен кездесуге арналған жиналышта, ол: “Саламаттың мені ұстазым деп танып, әдейі шақырып аудан жастарымен кездестіріп, менің өмір жолымды, іс тәжрибемді тыңдағысы келетінін білдіргені — өзімнің жастарды тәрбиелеуге сінірген еңбегімнің қайтқаны деп білемін. Маған осыдан артық бағның да, осыдан асқан сыйлықтың да қажеті жоқ” — деген-ди. Кейінірек жол жүріп бара жатып Нұрекеңмен бірде Түркістан қаласында кездесіп қалдым. Менен: «Әнші жігіт, елің аман ба?» — деп сұрап жатыр. Өз жағдайын біраз әңгімеледі. Мен өмір бойы ән салып көрмесем де, бұл атақты маған қалай таңғанын білмеймін, ең жақын болғаным бұдан қырық жыл бұрын Қазан революциясының қырық жылдығы кезінде ауданымыздың бірінші орын алған көрмесінде ол кісі үшін жетекші — гид болғаным есіме түсті.

Мұқашев інімнің туындысына тағы бір риза болған жерім — кітапта менің ауданымға мидай араласқан жандардың таңдалып алынуы. Мұның бір себебі — автордың өзінің де ауданымызда бірінші басшы болып істеңдігі болуы мүмкін. Автор кейіпкерлерінің баршасы өзімізге бұрыннан таныс. Мәселен, Сафи Өтебаев бұдан алпыс жылдай бұрын 1938 жылы республика Жоғарғы Кенесіне алғаш депутат болды. «Бала ұлан жасындағысын ұмытпайды” деген ғой, оқып жүрген шәкірт

болсақ та облысымыздан сайланған бүкіл депутаттарды есімізге сақтап қалыптыз. Сафи содан былай кемі отыз жыл республика, КСРО парламентіне үзіліссіз мүшеболды. ОК мүшесі, КОКП съезінің делегаты, министр, КСРО құрметті мұнайшысы, екі кітаптың авторы, республикалық дәрежедегі қоғам, мемлекет қайраткері, мінезі жайсан, бауырмал алды кең азамат. Алдыңғы жылды облыс еңбекшілері Сафидың сексен бес жасқа толғанын кеңінен атап өтті, ақсақалға үлкен ілтипат көрсетілді, «Жылой ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Көпті көрген, денсаулығы мықты, ақжарқын аға, очеркте көрсетілгендей, арманына жеткен қария.

Сырым Жиенбаев өмірі аңызға толы. Оның үйымдастырушылық қабілетінің жоғары болғандығын дәлелдейтін бір ғана Әпсананы айтайын. Қонақүйде кездескен бір орыс азаматының сезі: — Қолында бір бұрау ағашы жоқ болса да кеште ерегісіп бәс қойысса — Жиенбаев ертең сәскеге дейін сол сөйлесіп отырған ғимараттың жанына бір үй тұрғызып қоя алады. ...Әрине, бұл асырып айтылған әңгіме. Сөйті тұрса да Сырымның ерекшелігін анық көрсетуғе жарайды. Бұдан артық, қандай теңеу керек.

Құлқайыр Оспанов отыз жасқа жетер-жетпесте ОК мүшесі болды. Шыншыл боламын деп анкетасына жалпы білімінің төмендігін «сүмірейтіп» көрсетіп жүрді, сейте тұра облыстық мекеме басқаруға дейін өсіп жоғары білімді жігіттерге үлгі көрсету дәрежесіне дейін жетті.

Баспасөзде жарияланған басқа материалдарын есептемегендеге мектепте оқып жүрген Раҳмет Өтесіновтің мақалалары мен өлеңдері қабырға газетінің бетін бермейді екен. Мұғалімдері сол кездегі жас та талантты ақындар Хамит Ерғалиев пен Дағабай Жазықбаев үйымдастырылған «Абайша» қолжазба газетіндегі өлеңдеріне қарап

ұстаздары Рахметтің болашағынан ақын болады деп күтіпті. Бірақ, болашақ «ақын» мұнайшы-инженер болып шықты. Отыз жастан жаңа асқанда ауданымыздың бірінші басшысы болды. Өлкө кезінде бірнеше аудан же-рін қамтитын партия үйіміндегі жетекшілік етті. Өлкө тараған соң — миллиард тонна мұнайы бар Манғыстау байлығын игеруге араласты. Автомобиль апатынан біржолата мүгедек болған ол, «Ақиқатқа айналған арман», «Айтылмаған ән», «Алыптың ашылуы», «Алыстағы алау», «Кең Жылой» атты повесть, романдар жазды. Рахмет Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Ол көпке радиомен сейлейтін болды. Каһармандық еткен қазақ азатты турагы Мәскеу ақын-жазушылары Роберт Рождественский, Константин Симонов, т. б. сүйсіне жазды. Ол турагы «Сынақ» атты деректі фильм шығарылды. Жан-жақтан хат жауатын болды. Қазір Рахмет Өтесінов өзін өлең өнерінде тағы сынап жүр.

Кітапшаларда көп адамның есімі аталыпты. Бұлардың қатарында ауданымыздың он бес шақты бірінші басшысы, Қазақстан Орталық Атқару Комитетіне мүше болған, төрт-бес отағасы, Жоғарғы Кеңестердің оннан аса депутаты, ОК-ның он шақты мүшелері, облыстың ақын, журналистерінен С. Әлиев, С. Базарбаев, С. Бердімұратов, Қ. Қалдыоразов, Ж. Тәжібаев, О. Ізбасаров т. б. бар. Бұлардан басқа да он шақты Социалистік Еңбек Ері, Ленин орденді отыздай адам, жиырма шақты басқа ауданда бірінші басшы болған жерлестеріміз бар. Елудей адам бізден үлкен буыннан болса, қырыққа жуығы біздің құрдастарымыз бер жас жөнінен соңымызды қуып жүргендер, жиырма шақты адам бізден кейінгі буынның өкілдері — баршасы да бізге етene жақын жерлес ардагерлер. Бұлардан тыс он шақты құрметті әйелдердің аты ауызға алынуы да зерделілікті аңғартады.

Қайталап айтайын, мені сүйсінтекен де, сөйтіп қолыма қалам алдырған да — кітап авторының менің туған жерімнің азаматтарына жоғары баға бергендігі. Жылой жеріне, азаматтарға істелген ілтипат баршамызға көрсетілген мәртебе болып көрінді.

«Бір ауыз жылы сез — бір кісінің құны» деп Саламаттың өзі айтатында, ел адамына айтылар тәуір сез, иғі тілек жаңынды осылай қуанышқа бөлейді. «Сыйға — сый, сыраға — бал» демекші, Саламат інім, менің туған жерім, оның ардагерлері туралы жазғанда, ол туралы білетінімізді қағазға түсірсем деген ой мазалады мені. Сөйтіп жетпіс беске келгенде 70 жасқа толып отырған ел сыйлаған азамат, Саламат Мұқашев жайлы жаздым.

\* \* \*

Мен қазақтың «Байлық — мұрат емес, жоқтық ұят емес» деген мақалын ақылды мақал деп есептеймін. Орыстарда да «Бедность — не порок» дейді ғой. Ал нарыққа ауысып, кәсібімізге капиталистік сипат енгелі орыстар өз мақалындағы «не» шылауын (частица) алып тастап сөйлейтін болып жүр. Әрине «аузы акқа жарымай, ауы атқа жарымай» өту азаматқа сөн емес екенін білемін. Бірақ, өмірді байлық пен дәулет шешетін болса ол — өмірдің құрығаны. Кремльдің ортақ асхана сынан түстенгенде шикі сөк ботқасының үстіне жарты қасық сары май құйылған күні үкіметтің бірінші басшысы В. И. Ленин риза болғандығын балаша қуанып білдіреді екен. Ол кісі үстіндеғі қырқылған костюмін Я. М. Свердлов: «Саяси бюроға мәселе етіп қоюға тырысамын» — деп бопсалғаннан кейін ауыстырыпты дейтін де аңыз бар. Бала күнімде жоқтық көрмей өсіп сәл есейе келе, өсе келе таршылықты, жетпестікті, құғынды, түрмені, жер аударылуды басынан кешіріп, өз қолынан орнатқан өкі-

меті кезінде жоқтық пен ауру-сырқауды бүкіл елмен бірге көрген Владимир Ильич менің қазіргі жасымнан жиырма жас кіші күнінде дуниеден өткен еken. Ал қазіргі кейбір жыртықауыздардың ұлы адамды кемсітіп сөйлеуі — әншайін көргенсіздіктен туған әңгіме. Әр уақыттың өз тағдыры бар. Оған көрегендікпен көз жеткізе білу — азаматтық. Бұл менің пікірім ғана емес.

Кейбіреулер адамның бәрі бірдей ғой деседі. Тіпті де олай емес. Адам мен адамның арасы жер мен көктей. «Төреде де төре бар — тәбет итпен барабар. Қарада да қара бар — хан ұлына барабар» деген. Аты — адам бірак, адамгершілік белгісі шамалылар да бар. Адамдық қасиет, адамгершілік адамның бәріне бірдей беріле бермеген. Адамгершілік тәрбие, тіпті тәрбие атаулының бәрі ата-анадан, мектептен, жолдастан, көшеден, басыңнан кешкенінен дариды.

Даналардың айтуына қарағанда, арыстаннан арыстан туады еken. Олардың сөзін таратсақ, адамнан да наышпан да, пақыр да туатын көрінеді. Ақырудан басқаны білмейтін салпаңқұлақ есек те, жұлып жеуден басқаны білмейтін қасқыр да туады. Тек жүретін тегі жақсылдан, тегін сыйламайтын тексіз де туады, сыйлағанды сезбес надан да туады. Өзгеге күйе жаға алмайтын тазалар да — адамнан. Қасиетсіздік жасау қолынан келмейтін қасиеттілер де адамнан. Сондай-ақ жақсылық жасасақ, жазыла бастаған соң ұмыта бастайтын жаман да — адамнан. Үлде мен бұлдеге оранып жүрсе де, еркегін жерітетін үргашы да адамнан. Жақсы қайыршыға зекет бермейтін байыған қайыршы да адамнан туады еken. «Сөз білген жөн білмей түрмайды», тұра жолда қайғы да кідірмейді ғой. Ал тәрбиелікті азаматтықтың айшығы деседі. Ескендері Зұлқарнайынды жоғарғы даңққа жеткізген Аристотельдің түзу тәрбиесі бол-

са, Неронды қаражүрек еткен ұстазы Сенеканың теріс тәрбиесі көрінеді. Ген деген де бар. Тұқым азып та туады я өсе келе азады. Жұрт мұндайда «Атаға тартып ұл тумас, Анаға тартып қыз тумас» — дейді. Көбінесе текке тартатыны рас, бірақ туудың да күтімі бар.

Көл тасыса құяр теңізге,  
Қанша малы көп болғанмен,  
Бай қуанар егізге.  
Жақсыдан жаман туады,  
Жаманнан жақсы туады.  
Бірақ, тартпай қалмас негізге, —

деген Бұқар жырау сөзі көнілге көбірек ұялайды. Шындығы — да сол.

Атыраудың шежіре ақсақалы Ұбыраштың айтуынша менің кейіпкерімнің тегі — Баспай батыр болыпты. Баспайдың ұлы Аманқұл өз өніріндегі ауқатты адамдардың бірі екен. Обкомолдың бірінші хатшылығына ұсынылмақ болғанда, бабасының дәuletті болғанына байланысты кейіпкер бір жыл бойы тергеуге ілінгенін кейін естідім және бұл мағұлымат одан да гөрі биігірек қызметке сайланарда да ( уақыт әділеттікке едөүір бет бұрган кезде) тағы алдынан шығыпты, бірақ бұл жолы жолына кес-кес бола қоймапты. Ұбыраштың айтуынша Аманқұл баласы — Мұқаш ( фамилиясын содан алған Ж.Н.). Кейіпкердің өз әкесі Көнілқош — бабасына тартып батыр болмаған, атасына тартып дәuletті болмаған. Әkenің шағын шаруасын істесіп күн көрген. Топырағы торқа болғыр Көңкең қандай қатты өзілдесең де дауыс көтермей сабырмен сөйлеп, мұртын сипап қана қояр салмақты, сырбаз жан еді. Салмақтылық жөнінен Көнілқоштан үлгі алуға әбден болар еді. Аталарындей артық дәulet көре алмады. 1932 жылғы ұлы аштықта

Қарабау — Сарықөлдегі атамекенінен күнкөріс үшін Башқұртстан жаққа көшті. Жалғыз нарын жеккен арбаға тоқсаннан асқан бұрынғы болыс әкесін, бес жасар ұлы Саламатты, бар дәuletін тиеп жаяулап аштан өлмеу қамымен жол шекті. Орал (Теке) Тұздөбө жерінде де болды, Орынборда да қыстады. Ел есін жия бастады деген хабарды естіп үш жылдан кейін әкесін Орал жерінде қалдырып, Қөңілқош мұнайлы Мақатқа келіп жұмысшы болды. Аға көп жыл жұмыс істеп, мен туған ауданда зейнеткерлікке шығып оған осы жерден топырақ бүйірды. Ол жатқан батыр, өулие атанған Басшы қорымында бәйбішесі Қекішпен ұлы Тұрарбек те мәңгілік жай тапқан. Атасын сыйлаған Саламат фамилиясын да, әкесін де Мұқашқа жазып, құжаттағы жазуларда өз әкесі Қөңілқошты көрсетпепті. Өзін ата баласы атандырып ұлғыландырса, әкесін ағадай санап, «зәбірлекен».

Ұлы Отан соғысы басталғанда Саламат он төртке де жетпеген еken. Қонторғай болып қалған елдің өз шаруасын онша жетілдіре алмаған кезі. Соғыс елдің күйін тым шайқап кетті. Ақын сөзімен айтсақ, «Ауыр бір заман басталды, айта алмас адам тіл жетіп. Ат қойдық жаудың қолына күн аңдысқан, тұн бекіп. Дірілдеп кетті жер мен көк дүмпуге ұлы шыдамай. Дүниеге қайран қалғанбыз қалайша тұр деп құламай. Қара қүрәң жер дағы қан тамырын өрт шалған. Қазылыш жатты топырағы қатерде тұрған бұл жалған» дейтіндей кезең болды. Тура мағынасында “еңкейген көрі мен еңбектеген жасқа” дейін жауға соққы беруге үлес қосар күн туды. Саламат 15-ке жетер жетпесте мұнай өндіретін цехқа оператор болып тұрды. Бұл жастағы балаға жұмыс істеуге төрт сағатқа ұлықсат етілсе бұл он екі сағат жұмыс істеуге өз еркімен келісім берді. Ал соғыс кезінде өнеркәсіптегі жұмыс та сегіз сағаттық емес, он екі сағаттық

еді. Киімі қасіпшілік берген табаны тақтай бәтенкесе, қалың бешпет-шалбар, жұмыстың бәрі қолмен атқарылады. Автоматика сірә атымен жоқ. «Насосты қолшығырмен көтересің. Шығырдың тұтқасынан айырылсаң — маңдайынан соғады. Айырылмау үшін — кенедей қадалып жатқаның». («Атырау ардагерлері» кітапшасынан). Жұмыстасы күйеуі соғысқа кеткен шиеттей балаларын асырамаққа жұмысқа тұрған өлжуаз әйел. Тағы сондайлар. Тамағың бір кило (бұған да шүкір) нан. Күн тәулікке он екі сағат жұмыс істегеніңің арқасы. Жартысын үйге тастап қойныңа тығып әкелгенінді жұмыс арасындағы сөл үзілісте бір екі бөліп суға жібітіп жейсің. Суың-сусының — мұнай аралас су. Шүкіршілігі — Жайық суы. Мұнай айдайтын құбырмен бір мезгіл су айдалады. Суы — тәтті, мұнайы дезинфекция есебінде. Әйттеір ішке тимейді бір жақсысы. Шаршап тұрып жұтқан да, едөуір тыныс алып қаласың (кітапшадан).

Үй ішіне жәрдемің — тұзды қөлдің бетіне қаймак сияқты жиналған мұнайды қалқып алып үйге отынға жағуға әкелесің, басқа отын, газ, жылу жүйесі жоқ. Жоғарыда қалқыған көк мұнар. Жерде қара жапырақ күие. Қыста — ақ қойда, тіпті ит те көк болып көрінеді. Өзің жұмыстан бет-жүзінді мұнай басқан күйде, көзіңғана жылтырап келесің. «Ешкі қырыққан сайын бір өледі» деген, әлі толысып жетіспеген жас бала тыныш қунге қашан жетер еkenбіз деп көппен бірге армандаиды. Саламат көбіне «ата», «әже» деп атайдын жамағайыны Шайхы мен оның кемпірінің қолында жүреді. Балалары жоқ, жалғыз інісі соғыстан оралмаған қарттар мұны кәдімгідей өздеріне қара тұтады, бұл дегенде шығарда жаны бөлек, барын аузына тосады. Әжесі жалғыз ешкінің шәйдан ауысқан сүтін ұлым деп баласына көжесінің түсін бұзып беру

үшін сақтайды. Ешкінің тұбітін баласына күзде қолғап етіп тоқып қояды. Бала жұмыста да атасымен бірге істейді. Шаршаған кезде атасы келіп жәрдемдесіп жатады. Ал оларды тастап кетуге бала қимайды. «Туған — туысқаның емес, қимаған — қыыспағаның керек» деген — сол. «Сіз-біз деген тірліктің ғанибелі» болатыны осыдан. Бала, кейіннен жігіт, азамат бол атасын, әжесін өмір бойы сыйлаумен өтті. Ұлылықтың екінші аты — ибалылық. Қолы жомартқа сұғанақтық қонса, жүргегі жомартқа имандылық қонатыны расқой.

Саламат оқудан да онша көп қол үзген жок. Аз-мұз қол үзгеннемен, жұмысқа бастыққан соң бұрынғы тастап кеткен класына вахтадан шығып соңғы партага жұмыс киімімен келіп отырып жүрді. Орталау білімді қалайда алу қажет деп түсінді. Жетінші класс бітіріп, мұнай техникумына түсті, Комсомол жұмысына араласты, соғыстан кейін партия қатарына кірді. Қоғамдық жұмыстың қалың ортасында болды. Мақат мұнай кәсіпшілігінде аздал есеп жұмысында істеп, кейін БЛКЖО Орталық Комитетінің кәсіпшіліктері комсомол ұйымдастырушысы болып сайланды.

Сол кезде Доссор мұнай кәсіпшілігінде партия комитетінің хатшысы болған Ізтілеуов Кенжеғали Саламаттың тілалғыштығын, жастардың жағдайын жақсартуға қолынан келген шарасын сарқа жұмсайтынын, ортақ іске жаны ашитынын әңгімелеп отыратын. «Менің шәкіртім» деп кәдімгідей мақтан тұтатын. Жастар одағының ақылы жұмысын атқара жүріп кәсіподак комитетінің тапсырмаларын орындалап, ұжым басшыларының көзіне түседі. Сондықтан болар оны облыс басшылары 1950 жылы Харьков қаласындағы кәсіподактар мектебіне оқуға жібереді.

Саламат бұдан кейін мұнайшылар кәсіподағының респубикалық комитеті мен облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, кәсіподақтардың облыстық қеңесінің хатшысы және тәрағасы болып істеді. Мен оның өмірбаяндық жолын суреттеуді мақсат тұттай отырмын. Өз аңғарғанымды, естігенімді ғана айтқаңым жөн деп білемін. Кейіпкерімнің, оқырмандарымның қалай қабылдары, әрине, олардың патша көңілдерінде. Бір шындық С.Мұқашев өуел бастан лауазымдық жұмысты аңсамапты. Бұл жағынан алғанда ол менің осы жөніндегі қозқарасыма үқсайтындығы мені оған тағы жақын етті.

Астанада, облыс орталығында оның жақын-жұығының, жегжат-жұрағатының болмағанын білеміз. Жағымпаздықтан жаңы қашық екенін де сезетінбіз. Съездерде, пленумдарда әділ де қатты сынайтын. Біреулер бірінші басшыны қекке көтеріп, көпшік қойып мадақтап жатқанда, біздің хатшымыздың ресіми мәселелерін ғана айтып шыққан туралығы мен батылдығына іштей риза болып отыратынбыз. Тағы бір байқағаным — Мұқашев дүниеге жақын болып өспепті. Бұл үлкен жақсы қасиет қой. Өмір сүруі қарапайым болды. Облыстық кәсіподақтар қеңесінің тәрағасы бол істеп жүргенде, кезегі жетпей үй алуға үялышп, берілген пәтерден бас тартып, шикі тастан салған, қамыспен жабылған, еденсіз екі бөлмелі ғана үйде жеті кіслік өuletімен тұра берген еді. Құлсары да аудандық мекемелер үшін салынған үйлердің тәуірін ұсынғанда да қарсылық білдіріп сапасы төмендеу, онша қолайлы емес жерге орналасқан үйді алған болатын.

Атырауға обкомның бірінші хатшысы бол барғанда әдейі парктің ішінде түрғызылған жеке үйге кірмей, оны жетім балаларға бергені бар. Көп пәтерлі үйге

кіргенде есіктес көршісі көп жылдар кезек күтіп жүрген үй жуушы жұмысшы әйел болды.

Ақтау қаласында эксперимент ретінде жаңа жобамен алғашқы салынған көп бөлмелі әдемі пәтердің кілтін бірінші хатшыға ұсынуды үйғарыпты. Сонда ол: — «Ең жақсы пәтерді жұмыстың ең ауыр жүгін көтеріп жүрген кісіге беріңдер деген ғой. Үй бөлушілер ондай адам деп Марабаев Нәсіпқалиды есептеп, браузыдан үйді соған беруге шешім қабылдаған. Қой бағып жүріп хан болған Аяз бидің асып кетпеу үшін өзі көріп отыратын жерге жыртық шапаны мен бөркін іліп қоятындығының өзі үлкен ақыл иесі екендігін көрсетпейтін бе еді. Адамға қандай ғибрат, өнеге десенізші. Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы «Қызылту» ұжымшарының төрағасы, КСРО Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат болып сайланған, дәулеті бар Пірімов Қашақпай сол Аяз бише ескі тонын үйінің босағасына іліп қойған екен. Мұның бәрі үлгі аларлық істер ғой. Ал менің кейіпкерімде де осындай үлгі болған жәйттер бар.

Билік айтқан үш жүзге Байдалының, Жалғыз құлын жататын желісінде, — демейтін бе еді. Ел аңызына қарағанда Байдалы өмірінде екі рет үялдым депті: бірі — жаңа түскен келіннен, бірі — қасқырдан. Жаңа түскен келін ерте тұрып, қолына көнек алып көп әйелмен бірге мал саууга шықса, әйелдер би атаның сауын малы жоқ екенін айтып қайырып жіберіпті. Бірде екі қасқыр шауып келіп бидің қорасына кіріпті де сақылдалап қайтадан шығыпты дейді. Атақты би осы екі жағдайда да үялыш тапқанын мойындал бір екі рет айтса керек.

Мұқашев білімін көтеруден қол үзбеген. Бұл, әрине, өмірлік қажеттілік. Жиырма жасында техникум бітіріп, жиырма бесіне дейін ВЦСПСтің Жоғары мектебін, КОКП Орталық Комитетінің Жоғары мектебін сырттай бітіруі

де оның талаптылығының бір қырын көрсетеді. Бірде біреу Мұқашевтың үйіне барғанын айтты. Столдың үстінде «Экономическая газета» жатыр екен. Ал Саламат сол газеттегі бір мақаланы шұқшия оқып керекті жерлериң өзіне жазып алған жатты. Осыған байланысты аудан экономикасын өркендетудің кейбір жайларын құлшына әнгімеледі. Қайран қалдым, дейді айтушы Ш.Нәубетов.

Ал мұғалім Қ. Ермұхамбетов Мұқашевтың жасында мұғалім болуды армандағанын айтты. Екеуі педагогика тақырыбына біраз әнгімелессе керек. Менің кейіпкерім А.С.Макаренко шығармаларының толық жинағын оқыпты. Макаренконың бала тәрбиесіндегі әдісінің бірі — сенім екенін көп әнгімелепті. «Баяндамаларды, ресіми сөздерін көбіне өзі жазатын. Бюро қаулыларын күні бұрын мұқият қарайтын. Есепті баяндама жазуға мамандарды, журналистерді шақыратын. Орысша сөйлеуден гөрі жазуға шебер болатын». Мұны айтатын көп жыл аупарткомда істеген Д.Халықов.

Мұқашевты жақсы білетіндер оны үлкендермен, біледі деген адамдармен ақылдасып отыратын еді десті. Шаруашылық мәселелерін талқылау, шешу алдында тәжірибелі жұмысшылармен, мамандармен кеңесуді өдет еткенін байқап жүрдім. Әсіресе зейнеткерлермен, бұрынғы басшылармен көбірек кездесетін дейді Ш. Ізбасов.

Жасымыз үлкен болғандықтан ақыл сұрап отыратын еді деп жалған айттар жайымыз жоқ. Бірде қазақ тілінің мүмкіндігі жөнінде, бірде қазақ газет, журналдарының тілі туралы өзара пікір алысқанымыз бар.

Тарихи адамдардан мысалы С.Сейфуллиннің бір жек көріп қалған адамдарымен кездеспеуге тырысатыны, байланыс жасамайтыны туралы оқыған едім. Саламаттың ондай қызығын байқамадым.

Соған қарағанда ол біреумен араздасуды қаламайтын, қатынасын бұзғысы келмейтін, ешкімнен түнілмейтін болса керек. Бірақ Саламатты сырын білмейтін адамдармен көп араласа бермейтіндей көріп жүрдім.

Билікке араласпайтын мұғаліммен (өзімді айтам) бірінші дәрежедегі басшының тікелей араласуы мүмкін бе? Жасымнан және өмір бойы қоғамдық жұмысқа ми-дай араласқанымды мақтан тұтып айтуыма болады. Ауылдық жерде тұратын мұғалім билік айтып дегеніне жете ала ма. Сөйтсе де үгітшілік, насихатшылық, лекторлық, ағартушылық, әдеби шығармашылық т.б. қоғами қызметіммен ауылдың, ауданының, облыстың, республиканың, тіпті одақтың мәдени өміріне азды-көпті қатысып жүріп, астанаға жылына бір екі рет, облыс орталығына апта сайын қоғамдық жұмыспен барған кездерім болды. Жол көресің. Адамдарды танисың. Міне, осын-дайда «Хан сыртынан жұдырық» сөздерді де естисің. Бірақ, мақтанайын дегенім емес, ол жөнінде көбіне жақсы сөз естіп жатасың «Ақылтың болса — ақылға ер, Ақылтың болмаса — нақылға ер» ережесін мұрат тұтқан Саламат ел азаматтарының ақылы мен үлгісін тыңдайды екен. Әрине, дүшпандықпен айтады деуіміз қате болар, бірақ ақыл айтқандардың бәрі бірдей мұлтіксіз тұра айтады, біліп айтады, жетіп айтады деуге бола бермес. Өзім сырттай билетін қырық жылдан аса уақыттан бері, өсіреле ауданымызда жұмыс істеп, өбден таныс болған қолында билігі бар облыс, республика басшылығындағы отыз жылдан аса мезгіл ішінде Мұқашевқа жеке бүйімтайым болып айтып, барып көрмеген екенмін. Сондықтан мұндай әңгімede оған ештеңе демеймін.

Мұқашевтың өзі таңдаған кадры оны үятқа қалдырған жерін естімедім, бірақ біреулер ұсынған кадрлар-

дың ойдағыдай шыға бермегені анық. Сонда да ол жөнінде «Ақыл сұраудың өзі — ақылдылық» деген қазақ даналығын айта кетейін.

Ол жөнінде айтатындар сезімтал деп те көрсетті. Картада ойнағанын, темекі тартқанын көргенім жоқ. Ақындар сезіне зер салатынын, тілге, мақал-мәтелгे едөүр назар аударатынын байқадым. Аталған екі кітапшасында жұмыс істеген жерлерінен 5-6 ақын журналисті ауызға алуды соның өсері деп білемін.

Саламат өз сезінде Жайық пен Жемді «Берекелі қазаңым, қызығы мол базарым» деп сөйлейтін Қашағанды мысалға келтіреді. «Қыншылық қайрақ секілді: оны жаңыған сайын өткірлене бересің» дейтін ағаның, сондай-ақ, Маңғыстау ақын жырауларының айтқанына сүйенеді. Казақ халқының шешендік өнеріне көңіл аударатынын аңғартып отырады. Ол идеолог Дошу Шененовтің зерделі сөздеріне сүйсінеді. Сол кездің өзінде жергілікті халықпен (қазактармен) мұddeлестік білдірген Я.В.Лаврентьевтің («Эмбанефть» тресінің алғашқы бастығы) аузынан шыққан: «Надо прекратить человеческий импорт» деген кейінгі күндерге дейін таптырмай, естімей келген сезіне қатты ризалық білдіреді. Өзінің де ұстаған ережесі бар: Бұрылсаң — адасасың, тоқтасаң — жұртта қаласың, басқа жол іздесен зорығасың.

Мен оның қызметіне баға беруді ойлап отырғаным жоқ. Үлкен жауапты жұмыстарда болған оның өмірдегі мінезін, парасатын көпке жоғарыда айтып отырғанымдай жалғастыра отыруды мақұл көрдім. Бұл кейінгілерге үлгі болар деп ойладым. Ел басқарған азаматты мінез парасат арқылы суреттеу — бұрын көп дәстүрге енбекен тың әдіс шығар. Сонда мұның өзі бір мәртебе болып шықпай ма. Кейіпкерімді, адамдарды тани біледі, ойлап шешеді деседі. Егер осылай болса — өнер-

дің асқаны осы ғой. Ал өзін-өзі ұстай біледі, салмақты, сабырлы деушілер — Саламат Мұқашевтың бойындағы ер азаматқа лайық ең бір абзал мінезін дәл көрсеткендер. «Сабыр мен еңбек бәрін де жеңбек» дейді — орыста, «Сабырсыздың ісі тамырсыз» дейді татарлар. «Сабыр тубі — сары алтын» дейді қазақтар. И.Ньютон: «Данышпандық дегеніміз — сабырлылық» депті, әлде «Сабырлылық деген — данышпандық» деген бе, не десе де мәні бір-бірінен қашық емес.

Бір үлкен кісі әр ауданнан көп болып ұзақ жолға жүргенін әңгімे етеді. Ұзақ жол. Жас басшылар. Арнаулы вагон. Кім болғанда да ұзақ жолдағы жасаң адамдарды сөге алмайсың. Әзіл-қалжың. Дырду. Атыраудан Алматыға барғанша өзін бірқалыпты дұрыс ұстаган, асырып айтқанда, жалғыз Саламат болыпты.

Бір жігіт айтады. Саламаттың облыстық мекемеде «кесіподак кеңесінде» жұмыс істеп жүрген кезеңі. Бір топ жылы жүрген жігіттер кеңсеге келмей ме, бірге сауық қуруға шақырмай ма. Жұмыс күнінің соңғы жағы еken. Саламат астанадан келген уәкіл бар екенін, соның жұмысын тездетіп атқарып, поезга шығарып салу керектігін білдіріп, жігіттерге вокзал басынан кездесуге ұсыныс айтады. Саламат пен астана уәкілі вокзалға аз-мұз кешігіңкіреп келеді (мүмкін жігіттердің ойынша едөүір кешіккен болып көрінген шығар). Осынысы үшін қызып алған бір жігіт Саламатқа орынсыз ұрынады. Сонда Саламат құліп тұра беріпті. Уәкіл де, талайды көрген жігіт болса керек, ренжігендей ниет көрсетпейді. Саламаттың шыдамдылығына аса риза болыпты.

Курортта бірге болған бір жігіт Саламаттың демалыста өзін салауатты, сыпайы ұстаганына ерекше риза болғандығын білдіргені бар.

Мұқашевтың бюро басқаруы жөнінде онымен жұмыс-тас болған бір жігіттің айтқаны есіме түседі. Ол есеп беріп отырған кісінің де, бекітін кісінің де, кінәлі кісінің де сезін бөлмейді, мұқият тыңдайды. Бюроға қатысу-шылардың пікіріне еркін жол береді, асықпай, ұстіртін қарамай шешеді, ойлап қорытынды өз ойын айтып, ұсыныстарды дауысқа салады, ешкімді зәбірлемейді, дауыс көтермейді, жаза болса оның тәрбиелік жағын ойластырады. Екі мүмкіншіліктің жақсылық жағын алады. Мен кейіпкерімнің жұмыс стилін бағалауға бармаймын (мұндайға үлкен жазушылар, журналистер барадығой) тек ізгі ниет, адамгершілік мінез төнірегінде ғана сез қозғағанды жөн көрдім.

Білетін жігіттер айтады. Мұқашев кезінде аупарткомның екі бөлімінің менгерушісі бір бірімен жақсы қатынаста болмапты, «іштей» араз жағдайда екен. Мұны бірінші хатшы әрине, білмей қалған жоқ. Кейбіреулердің түсінігінде бұл — жұмысқа көбіне кесірін тигізетін жәйт. Ал бірінші хатшы бұл жөнінде көпшілікке сыр берген де жоқ, екеуін де тең ұстады, жағдайдың асқынуына жол берген емес, жұмысқа зиян келтіретін мүмкіндіктерге де орын қалдырмады. Мұны оның құштілігі деп бағалауға болады. Ал жұрттың көпшілігінің пікірінше бұл — басшы мінезінің әділдігі мен жайсандығы. Бірде қарауындағы жауапты бір қызметкер нағашы жиендікке салынып басшыға орынсыз ұрынған ғой оған да ол шашыла-шамдана қоймапты.

Негізгі өмірін Қазақстандағы жұмысшылар қауымының — мұнайлы өлкенің арасында өткізген оның ыстық-сұрығына жасынан араласқан С.Мұқашев үлгісі әр жерден-ақ көрінеді. Осы жерде қазақша жалғыз термин жөнінде бір ауыз сез айтайын. Ол — «мұнай» сезі. Бұл сөздің қашан шыққанын зерттей алма-